

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ 2024-2025
оқу жылындағы «Ұлдар ұйымы» комитетінің құрамы

№	Аты -жөні	Қызмет лауазымы	ұлты	білімі	телефон	мекенжай
1	Д. Сареснов	Кенес төрағасы	казак	жоғары	87711371999	Аққорған с/м
2	Ш. Бекболат	Төраға орынбасары	казак	жоғары	87021329720	Аққорған с/м
3	М.Турсеумбаев	Төраға орынбасары	өзбек	жоғары	87713285888	Аққорған с/м

Мектеп директоры:



М. Амирова

Бекітемін

Мектеп директоры



М. Амирова

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ ұлдар
ұйымының іс жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Істелетін жұмыстар	мерзімі	жауаптылар
1	Ұлдар ұйымының жұмысын Жоспарлау. Мектеп ішкі тәртіп ережелері	қыркүйек	ДТІЖО Ұйым төрағасы АӘД пән мұғ
2	ИДН мен кездесу. Максаты: жасөспірімдердің күқығын қорғау және кылығының алдын алу	казан	ДТІЖО Ұйым төрағасы ұйымдастырушы
3	Ұлдар жеке бас гигиенасы дәрігермен кездесу	караша	Мектеп медбикесі сынып жетекшілер
4	Діни теріс ағымдардың алдын Алу	желтоқсан	Педогог-психолог Ұйым төрағасы Тәлімгер ауыл имамы
5	Әскер қатарынан келген азаматтармен, интернационалист- жауынгерлермен кездесу	қаңтар	ДТІЖО Ұлдар ұйымының мүшелері АӘД пән мұғ
6	Ұл бала мен қыз бала сыйластығы. Ұлдарға өсиет	ақпан	Ұйым мүшелері Тәлімгер, психолог медбике
7	«Жігіттің сұлтаны» байқауын өткізу	наурыз	Д/Ш пән мұғалімдері
8	Жасөспірімдермен жас ерекшеліктеріне қарай әңгіме өткізу. Мектептің кәсіптік бағдар жұмыстарына қатысу	сәуір	Ұлдар ұйымының мүшелері Кәсіптік бағдарлаушы







Т.Бегманова Жалпы Орта Мектебі

...

20 сен • 🌐

🏠 Келес ауданы білім бөліміне қарасты
"№8 Т.Бегманова жалпы білім бер... Ещё



Келес ауданы білім басқармасына қарасты №8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024-2025 оқу жылында "Әскер қатарынан келген азаматтармен интернационалист-жауынгерлермен кездесу" тақырыбымен 8-11 сынып ұл балдармен өткізілген жиналыс

ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 09.01.2024ж

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры: М.Амирова
2. ДТІЖО: Н. Сапаров, М. Абдиев
3. Мектеп медбикесі: А. Султанова
4. Мектеп психологтары: С. Туяқбаева, К. Байтасова
5. АӘД жетекшісі: К. Смаилов
6. 8-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде

Тыңдалды:

Бауыржан Момышұлының «Әскери қызмет дегеніміз – дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы, кімде-кім әскери қызметтен жалтарса ол патриот емес» деген керемет сөзі бар. Бүгінде Қарулы Күштер туралы әркім аузына түскенді айта береді. Мәселен біреулер: «Қазір «уралап» шабатын заман емес, атом бомбасының дамыған кезеңі. Бір түймені баса салса бәрін астаң-кестен етеді», - деп ділмәрсиді. Бұл ер азаматтардың емес, ездердің сөзі. Әскер сені тәртіпке, жүріп-тұруға, қару ұстауға, бұйрыққа бағынуға, бірлесіп қызмет жасауға үйрететін нағыз ер-азаматтардың мектебі. Ал, жаңағыдай әңгіме айтатындар шешесінің «Жалғыз баламды әскерге жібермеймін», - деген сөздерін естіп өскендер шығар. Мұндайлардың дені шешесінің кішкентайынан: «Сені әскерге жіберсем мені кім бағады», - деп еркелеткеніне үйренгендер болар. Бүгінде жастардың банктен алған несиелері бар. Оны төлеу үшін олар жұмыс істеп жүр. Сол себепті «армияға бармаймын» дейтіндер аз емес. Бірақ, заңда мұндай жағдай қарастырылмаған. Президент те жастарды әскерге баруға қалай ынталандыру керектігін қоғам болып ойласуды ұсынды. Сала маманы ретінде айтарым, жастарға әскерден келгенше несиелік жеңілдік қарастырылса. Сарбаздардың айлық жалақысын (қазір 3000 теңгені құрайды) күнкөріс шегімен немесе төменгі жалақы деңгейімен теңестірген дұрыс болар еді. Сондай-ақ жоғары оқу орнының төлемақысына 50 пайызға жеңілдік немесе грант берілсе, бұл да әскерге шақырылушылардың көбеюіне септігін тигізеді.

Биыл мектеп бітіретін түлектердің арасында «әскерге барудың қажеті жоқ» деп есептейтіндері аз емес болып шықты. Олардың пікірінше, әскери кафедрасы бар жоғары оқу орнына түскен немесе еңбек етіп табыс тапқан тиімді. Арасында «әскери билетті 40 күндік оқудан өтіп те аламын» дейтіндері де кездеседі. Жеке мүддені жоғары қоятын бүгінгі қоғам өкілдерінде «Отан қорғау – әрбір азаматтың борышы болуы керек» деген ойдың жоқтығы қынжылтады. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Батыр ата-

бабалар ізін жалғаған ұрпақтар да бар. Отансүйгіш, қандай жағдай болса да міндетін атқарудан жалтармай, өз басын өлімге тігіп, өзгені құтқарып жүргендерді естігенде қалайша еміренбейсің? Сондай батыр сарбаздардың қайсарлығы кешегі қаңтар оқиғасында көрінді.

Қабылданған шешім:

1. Оқушылардың заңды жете түсінуі үшін тәрбиелік түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Келес ауданы білім басқармасына қарасты №8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024-2025 оқу жылында "Ұл бала мен қыз бала сыйластығы. Ұлдарға өсиет" тақырыбымен 8-11 сынып ұл балдармен өткізілген жиналыс

ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 04.02.2025ж

1. Мектеп директоры: М.Амирова
2. ДТІЖО: Н. Сапарбеков, М. Абдиев
3. Мектеп медбикесі: А. Султанова
4. Мектеп психологтары: С. Туяқбаева, К. Байтасова
5. АӘД жетекшісі: К. Смаилов
6. 8-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде

Тыңдалды:

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата — ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінсе, «Қазақстан –2030» бағдарламасында «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» делініп, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени — әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу.

Кезінде атақты философ Платон қыз бала тәрбиесінің маңыздылығын былайша пайымдаған екен. Егер ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле. Бұл тұжырымның тамыры өте терең екенін біз тарихтан көріп отырмыз.

Қабылданған шешім:

1. Бала тәрбиесіндегі қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыттарын сипаттау.
2. Ұл бала тәрбиесі мен қыз бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктерді айқындау.

